

ӘОЖ 342.951:351.82

С.Ш. Оралова\*, М.А. Рахметова

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті,  
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.  
\*E-mail: Saltanat\_oralova@mail.ru

### Қазақстан Республикасында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мемлекеттік басқару жүйесінің рөлі

Кез келген мемлекет үшін өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қашан да өзекті болып, заман талаптарына сай күрделене түсіп, мемлекет және қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын жүйелі саясатқа айналды. Жаһандану үрдісі күшейген сайын ұлттық қауіпсіздік мәселесі, әсіресе экономикалық қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады. Қазақстан Республикасындағы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін шешімдерді жасау және оны жүзеге асыру мемлекеттік басқару органдарының құрылымы мен функцияларына тікелей байланысты. Ең бастысы, олар Қазақстан Республикасындағы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің ұзақ мерзімдік және ағымдағы міндеттеріне, функциялар мен жауапкершіліктің нақты бөлінуіне қойылатын объективті талаптарға, міндеттер қайталауларын жоюға, орындаушылық тәртіпті реттеуге жауап беруге тиіс.

**Түйін сөздер:** ұлттық мүдде, экономикалық қауіпсіздік, мемлекеттік басқару.

S.Sh. Oralova, M.A. Rakhmetova

### The role of the government in ensuring economic security of the Republic of Kazakhstan

For any question about the state of national security will always be relevant, to the dictates it will become more complicated and unite themselves in all aspects of government and public and turned into a well-organized political tool. With the increasing globalization issue of national security and especially the direction of economic security it took a very important place. In order to participate in the affairs of the world community as a full-fledged independent state need economic power, and it is a measure of the state. Create and implement solutions to ensure the national economy of the Republic of Kazakhstan depends on the structure and functioning of government. Most importantly, in ensuring economic security, they should be responsible for regulating the execution of long-term and short-term obligations for the repetition of the distribution of responsibilities and specific liability companies and functions.

**Key words:** National spirit, economic security, public administration.

С.Ш. Оралова, М.А. Рахметова

### Роль системы государственного управления в обеспечении экономической безопасности Республики Казахстан

Для любого государства вопрос о национальной безопасности будет всегда актуальным, со временем он будет усложняться и объединять в себе все стороны государственной и общественной деятельности, и превратится в хорошо организованный политический инструмент. С усилением процесса глобализации вопрос о национальной безопасности, а особенно направление обеспечения экономической безопасности, занял очень важное место. Для того чтобы участвовать в делах мирового сообщества как полноправное независимое государство, нужна экономическая мощь, а это является показателем развитости государства. Создание и осуществление решений по обеспечению национальной экономики Республики Казахстан зависят от структуры и функционирования

органов государственного управления. Самое главное, в обеспечении экономической безопасности они должны нести ответственность за регулированием исполнения долгосрочных и краткосрочных обязанностей, за распределением конкретных ответственностей и функций.

**Ключевые слова:** национальный дух, экономическая безопасность, государственное управление.

Экономика саласында Қазақстанның ұлттық мүддесі ең басты мәселе. Қазақстанның мүддесін іске асырумен байланысты мәселелерді кешенді шешу, экономиканың алдыңғы қатарлы салаларын сапалы шикізат және жабдықтармен, халық пен әлеуметтік саланы – тұтыну құралдары және қызметтермен, ал сыртқы сауданы – бәсекеге қабілетті экспорт тауарлармен қамтамасыз етуге қабілетті көпсалалы жоғары технологиялы өндірістің тұрақты жұмыс істеуі негізінде ғана мүмкін. Қазіргі жағдайда ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізу, ең алдымен экономикалық қауіпсіздікке сүйенеді, яғни Қазақстанның даму стратегиясының негізгі бағыттарының ма-

ңыздысы экономикалық жүйенің қауіпсіздігі болып табылады. Жалпы, мемлекет экономикасының қауіпсіздігін төмендегі көрсеткіштер бойынша анықтайды.

- өмір сүрудің сапасы мен деңгейі;
- инфляция деңгейі;
- жұмыссыздық деңгейі;
- экономикалық өсу;
- бюджет тапшылығы;
- мемлекеттің қарызының мөлшері;
- алтын-валюталық резерв жағдайы;
- көлеңкелі экономиканың деңгейі;
- экологияның жағдайы;
- азық-түлік қауіпсіздігі.

#### 1-кесте – Экономикалық қауіпсіздіктің шектік көрсеткіштері

№	Көрсеткіш	Шектік көрсеткіш
1	ЖІӨ-ге қатысты инвестиция көлемі %	25%
2	Қорғанысқа бөлінетін қаражат, ЖІӨ-ге қатысты	5%
3	Ғылыми зерттеулерге қаражат	2%
4	Жалпы көлемдегі өндірілетін тауарлардың ішіндегі жаңа тауарлардың көлемі	6%
5	Халықтың өмір сүру ұзақтығы	70 жас
6	Халықтың арасындағы 10% ең жоғары табысты адамдармен 10% ең төменгі табысты адамдардың қатынасы	8
7	100 мың адамға қатысты қылмыс көлемі	5 мың
8	ЖІӨ-ге қатысты білімге шығындалатын қаражат көлемі	10%
9	Жұмыссыздық көлемі	7%
10	Инфляцияның бір жылдық көлемі	20%
11	ЖІӨ-ге қатысты мемлекеттің ішкі қарызы	30%
12	Бюджетке қатысты ішкі қарыздың төлеу көлемі	25%
13	ЖІӨ-ге қатысты сыртқы қарыздың көлемі	60%
14	Бюджет тапшылығын жабу үшін сыртқы қарыздың қатынасы	30%
15	ЖІӨ-ге қатысты бюджет тапшылығы	5%
16	Шетел валютасының ұлттық валюта массасына қатысты көлемі	10%
17	Ақша массасы (M2) ЖІӨ-ге қатысты	50%
18	Ішкі тұтыну көлеміндегі импорт көлемі Сонымен бірге азық-түлік саласындағы импорт көлемі	30% 25%
19	Өндіріс саласындағы қайта өңдеу саласының көлемі	70%
20	Өндіріс саласындағы машина жасау көлемі	20%
21	Күнкөріс шегінен төмен айлық алатын жалпы халықтың көлемі	7%

Осы ретте Қазақстанның осы көрсеткіштер бойынша қаншалықты ұлттық экономикалық қауіпсіздігі қамтамасыз етілгенін талдап, сарап-

тап көрсек. Жалпы мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне келсек, онда оның аспектілеріне мұқият тоқталу керек болады және оны атап қа-

на қоймай, оның мемлекетке маңызды екенін көрсету. Келесі кестеде сандық және пайыздық түрде экономикалық қауіпсіздіктің шектік көрсеткіштері жазылған, егер осы көрсеткіштерден асып кетсе онда Қазақстанның экономикасына қауіп төнеді [1].

Енді осы кестедегі көрсеткіштерге тоқтала кетсек, онда біріншісі ЖІӨ-ге қатысты инвестицияның көлемі 25%-дан кем болмау керек. Инвестиция дегеніміз экономиканың қаны десек те болады. Көрсетілген өлшем бойынша мемлекеттің даму функцияларына назар аударғанда Қазақстанның ілгері тұрғандығы байқалады (39%). Бірақ, капиталды сыртқа шығару индикаторы бойынша артта қалып отыр – 1,4%. Басқа елдерге келетін болсақ, бұл көрсеткіш дамыған елдерде – 9,8%, өтпелі экономика елдерінде – 7,7%, дамушы елдерде – 11,6%. Әлемдегі дамыған мемлекеттердің өзі инвестицияға таласып, көптеген инвесторларға преференциялар жасайды және инвест форумдар жинап отырады, демек инвестициясыз ешқандай мемлекет дами алмайды. Оған дәйек болатын жайт – әлемдегі инвестицияның тең жартысы АҚШ-тың экономикасына салынады.

Мысалы, Қазақстанның және Ресейдің ұлттық қорындағы миллиардтаған долларлар американдық бағалы қағаздарына портфельді инвестиция түрінде салынып отыр. Ал олар осылай өздерінің бюджет тапшылығын жабады. Жыл сайын Қытай Халық Республикасына тартылған тікелей және портфельді инвестициялардың, оның ішінде тікелей инвестициялардың көлемі артып отыр. Тек 2012 жылы Қытайға 600 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиция салынды.

Сонымен қатар, инвестицияны сырттан тарту ғана емес, белсенді түрде басқа елдерге инвестициялар құю да мемлекетке өте керек. Себебі, үлкен көлемдегі қаражаттың елдегі шоғырлануы оның инфляциясының артуына және ақша құнының инфляциямен желінуімен өтеді. Сондықтан, қай мемлекет болсын инвестицияларды сыртқа салуға тырысады. АҚШ капиталды тарту мен сыртқа салу жағынан мысалы, ешкімге орын бермей келеді. Алайда, сыртқа инвестиция салу бойынша тек мемлекеттің қаражатын санасақ, онда 2011 жылы Қытай бірінші орынға шығып, Дүниежүзілік банктен озып кетті. Дүниежүзілік банк 100 млрд доллар, Қытай үкіметі 116 млрд АҚШ долларына тікелей инвестиция салған.

Сыртқа инвестиция салу сол елдің өндірістерін бағынышты ету тәсілі. Тарих көрсеткендей, II дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-та

Маршалл жоспары қабылданып, миллиардтаған қаражатты соғыстан әлсіреп қалған Еуропаға инвестиция ретінде ақша салған. Содан да, біразға дейін еуропалық мемлекеттер американдықтарға тәуелді болып келді. Егер Қазақстан экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз еткісі келсе, басқа да елдердің экономикасына тікелей инвестициялар салуы тиіс. Егер аталмыш көршілеріміз бізге толық емес экономикалық тәуелді болса, онда сол мемлекеттердің басшылары да Қазақстанға қатысты саясатын лояльді қылар еді.

Сонымен экономикалық қауіпсіздіктің келесі аспектісі, ол ЖІӨ-нен қорғанысқа бөлінетін қаражат көлемі 5%-дан төмен болмау керек. Алайда ол бізде 1%-ды ғана құрайды. Қорғанысқа қаражат аз бөлінсе, мемлекетіміздің қорғанысына ғана қауіп емес, экономикамызға да нұқсан келеді. Себебі, заманауи технологиялардың біразы осы әскери-өндіріс саласынан пайда болған. Сонымен қатар, Батыс елдері мен Ресей қару-жарақ сатудан қыруар пайдаға кенеліп жатыр, мәселен 2010 жылы ресейліктер 2,5 млрд АҚШ долларына қару-жарақ сатты. Демек, өндірісті сақтай отырып, жұмысшыларға жаңа жұмыс орындарын ашып, тың инновацияларға жол ашу мүмкіндігі пайда болып отыр. Сондықтан, біз ЖІӨ-нен 5% қаражат бөлді десек, ЖІӨ-міздің қазір мөлшері 181 млрд АҚШ доллары екенін ескере отыра есептесек, онда қорғаныс саласына 9 млрд АҚШ доллары құйылады. Онда көптеген әскери салалар қайта ашылар еді, айталық әскери кеме жасау ісі (қазіргі таңда Каспийдегі кемелер ескіріп тозығы жеткен).

Сондықтан, экономикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз ету механизмі – заңнамалық, ұйымдастыру-құқықтық, саяси, әскери, әлеуметтік-экономикалық, идеологиялық, ақпараттық сипаттағы, экономикалық қауіпсіздікке қатердің төнуін анықтауға, ол жайлы ескертуге және экономикалық қауіпсіздікке төнген қатерді таратпауға бағытталған, Қазақстан Республикасы заңнамасы тағайындаған өкілеттік көлемінде экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілері арқылы жүзеге асатын іс-шаралар жүйесі. Демек, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету механизмі Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін мемлекеттік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етудің негізі болып табылады.

Қазақстан Республикасында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде мемлекеттік басқару жүйесінің рөлі үлкен. Ол мемлекеттік басқару механизмімен тығыз байланысты:

– біріншіден, ол макро және микроэкономикалық реттестірушілік ықпалы және мемлекеттің тіршілік етуі үшін қажетті параметрлері бар стратегиялық және ағымдағы шешімдерді қабылдауға негіз болатын құрал;

– екіншіден, әкімшілік және экономикалық тұғырлардың көмегімен экономикалық дамудың стратегиясы мен ағымдағы бағдарламасының іс жүзінде жүзеге асуын, сондай-ақ қол жеткен нәтижелерді талдау мен оны бағалауды, орындалатын шаралар мен әрекеттерге қалыптасқан жағдайларға орай корректировка жасауды қамтамасыз етеді;

– үшіншіден, еліміздің экономикалық егемендігіне қажетті құқықтық қорғауды басқа елдермен өзара байланыс жүйесінде күзету, мадақтау және тыйым салу тәртібін қамтитын заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерді жасау мен біртіндеп өмірде қолдану негізінде қамтамасыз ету;

– төртіншіден, экономиканың жұмысының барысында туындайтын құбылыстар мен проблемалық жағдайларды тез және компетентті ұғындыра алатын органдар мен қызметтегі адамдардың құқықтарының, функциялары мен жауапкершіліктерінің тұрақты бөліну жүйесін жасайды.

Қазақстан Республикасындағы экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесі мемлекеттік басқару жүйесінің әр уақытта жоғары сапалық деңгейде болып, оның жоғарыда айтылған рөлінің орындалуына жағдай жасалуын талап етеді.

Мемлекеттік басқару жүйесі сапасының жоғары болуы – басты төрт элементтің оптималды деңгейі, ол элементтер: ұйымдастырушылық құрылымы; коммуникация мен өзара байланыстың барлық жүйесі; пайдаланылған ақпараттар; жан-жақты дайындалған басқару кадрлары.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін стратегиялық қамтамасыз ету жүйесінің схемасы берілген. Онда экономикалық қауіпсіздіктің негізгі аспектілері немесе елдің экономикалық қауіпсіздігі бағаланатын субъектілер, объектілер, нормативтік-құқықтық база, қауіптер мен көрсеткіштер суреттелген (1-сурет).

Экономикалық қауіпсіздік елдің ұлттық қауіпсіздігі құрылымының ең маңызды құраушысы, өйткені қауіпсіздіктің барлық қалған түрлері жеткілікті экономикалық қамсыздандырусыз әрекет ете алмайды. Экономикалық қауіпсіздік – бұл экономиканың жай-күйі, онда жеке

тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің, аймақтың немесе кәсіпорынның экономикалық мүдделері ішкі және сыртқы қауіптерден сенімді түрде қорғалуы; ол елдің де, жеке адамның да, кәсіпорынның да тұрақтылығының негізі. Экономикалық қауіпсіздік дәстүрлі түрде экономикалық жүйенің сапалы маңызды сипаттамасы ретінде қарастырылады, экономикалық жүйе халық өмірінің қалыпты жағдайын қолдау, халық шаруашылығының дамуын ресурстармен тұрақты қамтамасыз ету, сондай-ақ ұлттық-мемлекеттік мүдделерді тізбекті түрде жүзеге асыру қабілетін анықтайды.

Әрине, экономикалық қауіпсіздіктің қауіптерін болдырмау, оларға қарсы шығу және олардың жағымсыз әсерін жоққа шығару қабілеті де болуы тиіс. Қауіптер жалпы экономикаға ғана емес, сонымен бірге оның құрамдас бөліктері болып табылатын салаларға, өнеркәсіптік аудандарға, жекелеген кәсіпорындарға және т.б. бағытталуы мүмкін. Басқаша айтқанда, экономикалық қауіпсіздік ұлттық экономиканың тиімді динамикалық өсуіне, қоғамның, мемлекеттің сұраныстарын қанағаттандыруға, әртүрлі қауіптер мен залалдардан кепілдендіруші ішкі және сыртқы нарықтардағы бәсеке қабілетін қамтамасыз ету қабілетіне жағымды ықпал ететін ішкі және сыртқы жағдайлардың жиынтығы.

Кірістер концентрациясының ең ортасында «экономикалық үшбұрыш» – АҚШ-ЕО-Оңтүстік-Шығыс Азия – тұратыны белгілі.

Сауда операцияларының 755 млрд доллар жыл сайынғы өсімінің 185-195 млрд доллары Оңтүстік-Шығыс Азияға, (70-72 млрд доллар Жапонияға), 200-210 млрд доллары – ЕО-қа, ал 150-170 млрд доллары АҚШ-қа тән келеді. Қалған ӘСҰ-ның элитарлық клубқа кірмеген 110-125 қатысушыларына, оның ішінде Қазақстан да бар, қалған қалдықты – 200-220 млрд долларды бөлуге тура келеді.


Осылайша, қосымша экспорт төмендегіше бөліне алады: 26% – ЕО, 21% – АҚШ, 24% – Азияның алдыңғы елдері, оның ішінде 9%-Жапония. Тариф төмендеген жағдайда кірістердің бөліну тенденциясы көңіл аударарлық. Кірістердің тек қана тариф төмендеген жағдайдағы бағасы еуропалық елдердің теңдесі жоқ ұтысын көрсетеді: ЕО-тың кіріс өсімі 50-55%, АҚШ-тікі – 19-22%, Жапониянікі – 13-15%. Қазақстан сияқты басқа елдер қалғандары мен шығындарды бөліседі.

Сондықтан ДСҰ-на кірудің құралдары мен шарттарын таңдаудың нәтижесі Қазақстан осы

қалдықтар мен шығындарды бөлісетін елдердің қатарында қалмайтындай болуға тиіс. Бұл үшін біз экономикалық шекаралар мен ерте ескертін заңдық талаптар индикаторларын қатаң сақтауға тиістіміз.

Экономикалық мүдделер – бұл экономикалық қажеттіктердің біліну-көрініс формасы. Экономикалық мүдделерді әр тұрғыдан классификациялауға болады: қоғамдық, ұжымдық, же-

ке мүдделік, ұлттық, интернационалдық (ұлтара-лық), регионалдық және ведомстволық, топтық және отбасылық, таптық; әртүрлі әлеуметтік топтардың (жұмыс істейтіндердің, жастардың, зейнеткерлердің және т.б.) мүдделері. Мүдделердің ерекше топтары – күнделікті және перспективті, рационалдық және рационалдық емес, шын немесе қате түсінілген, қаржылық, еңбектік, адамгершілік-өнегелік және т.б. мүдделер [2].



1-сурет – Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін стратегиялық қамтамасыз ету жүйесі

Экономикалық мүдде – шаруашылықты жүргізуші субъектілер арасындағы олардың әрқайсысына тән экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыру жөніндегі әлеуметтік-экономикалық қатынастар жүйесін іске асырудың тәжірибелік нысаны. Адамдардың шаруашылық қызметіне түрткі болатын себептер олардың меншік қаты-

настары мен қоғамдық еңбек бөлінісі жүйесіндегі орнына және экономикалық қажетсінулерге байланысты болады. Нарықтық экономика жағдайында экономикалық қызметтің басты уәжі – өзіне пайда алуға ұмтылыс. Осы ұмтылыс – әрбір нарықтық субъектінің ажырағысыз құқығы әрі сонымен бірге қоғамдық ұдайы өндіріске қа-

тысушылардың өзінен-өзі келісілген қызметінің басты серпіні. Жеке экономикалық пайдаға қол жеткізу – қарама-қайшы құбылыс. Оның нәтижесі нарықтық қатынас субъектілерінің экономикалық мүдденің қақтығысы болып табылады. Тауар өндіруші (сатушы) мен тұтынушы (сатып алушы) нарықта өзара байланысты, бірақ олардың экономикалық мүддесі қарама-қайшы: сатушы өз тауарын қымбатқа сатқысы келеді, сатып алушы оны арзанға алғысы келеді. Екеуі де өз бағасын ұсынып, ымыраға келгенде ғана мәміле жасалады. Оларды келісілген шешімге келуге нарықтық экономиканың аса қуатты және ажырағысыз тетігі – бәсеке көндіреді. Нарықтық бәсеке тауар өндірушілерді тауарға жұмсалатын шығын мен оның бағасын төмендетуге мәжбүр етеді. Мұның бәрі жалпы қоғамның әлеуметтік-экономикалық мүдделеріне сай келеді. Демек, жеке экономикалық мүдденің бірлігі мен қарама-қайшылығы, олардың жүйелік өзара іс-қимылы сайып келгенде жасампаздық сипатта болады. Қоғамның экономикалық мүдделері жүйесінде мүдделерді келістіру мемлекеттің және оның арнаулы ұйымдарының атқарымына жатады. Олардың қолында осы келістіруді іске асыратын құралдар мен әдістер бар

Қазіргі ұлттық экономиканың қуаттылығы өндіргіш күштердің даму деңгейімен ғана анықталмай, бірінші кезекте мемлекеттің сол өндіргіш күштердің немесе ұлттық экономиканың белсенді дамуына жағдай жасап, ұлттық мүдделерді анықтап, оларды қорғау мүмкіндігімен көрінді. Жаһандану үрдісінің ұлттық экономикаға тигізетін оң ықпалын барынша тиімді пайдалану мен оның теріс әсеріне тойтарыс беру мемлекеттің белсенді іс-әрекетімен жүзеге асады.

Мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі елдің ұлттық мүдделерінің нақты және әлуатті қатерлерден қорғалған жағдайында өз құрамына эко-

номикалық, қорғаныс, білім, ақпараттық және т.б. құрамдас бөліктерді біріктіреді. Ашық экономика бағытында дамып келе жатқан Қазақстан Республикасына, осы жағдайларда ұлттық экономикалық мүдделерді қалыптастыру, оны қорғау мен жүзеге асыру қажет. Ұлттық экономикалық мүдделерді жүзеге асыру мен оларды қорғаудың дәстүрлі құралы протекционистік саясат. Әлемдік рыноктағы шиеленісті бәсеке барысында талаптарына сай түрленгендіктен, біздің еліміздің алдында әлемдік тәжірибеге сүйеніп, экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мүмкін болатын шаралар жүйесін жасақтау өзекті болып табылады. Себебі, әлемде ғаламдану үрдістері кең құлашын жайып отырған кезеңде, Қазақстан Республикасының экономикалық өсуінің әлемдік экономикалық кеңістікке интеграциялануынсыз өтуі мүмкін емес. Интеграция барысында ел экономикасы оң нәтижелерін, ұтымды тұстарын, қауіпсіздігін жоғалтып алмауы керек. Осы тұрғыдан елдің экономикалық қауіпсіздігін макро-мезомикродеңгейлерде қамтамасыз ете білу бүгінгі күннің өзекті талабы болып отыр. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету арқылы ұлттық қауіпсіздікке қол жеткізуге үлес қосылады.

Сондықтан кез келген мемлекет үшін өзінің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі қашан да өзекті болып, заман талаптарына сай күрделене түсіп, мемлекет және қоғам өмірінің барлық жақтарын қамтитын жүйелі саясатқа айналды. Жаһандану үрдісі күшейген сайын ұлттық қауіпсіздік мәселесі, әсіресе экономикалық қауіпсіздік бағыты ерекше орын алды. Өйткені әлемдік қауымдастықта егеменді ел ретінде әрекет ету мемлекеттің экономикалық қуаттылығы, ал түбінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуінің бірден-бір көрсеткіші – ұлттық экономикалық даму деңгейі болады.

#### Әдебиеттер

- 1 Мадиярова Д.М., Гринев И.А. Территориальные особенности инвестирования казахстанской экономики // Электронный научный журнал «Экономика. Государств. Общество». 2010ж.
- 2 Ұлттық экономикалық қауіпсіздік: Желдібай Р. / Жақсы ұлттық порталы, <http://www.jaqsy.kz> 2012 ж.

#### References

- 1 Madijarova D.M., Grinev I.A. Territorial' nye osobennosti investirovaniya kazahstanskoj jekonomiki // Jelektronnyj nauchnyj zhurnal «Jekonomika. Gosudarstov. Obshhestvo». 2010zh.
- 2 Ul'ttyk jekonomikal' yk қаuiпsizdik: Zheldibaj R. / Zhaksy ul'ttyk portaly, <http://www.jaqsy.kz> 2012 zh.